

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1033 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 240 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1033 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспары:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-1, 5-2, 8-1, 8-2, 18, 19-жолдармен толықтырылсын:

"

5-1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	Сәуір	Мамыр	Мамыр	М.Т. Такиев
5-2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АҚДМ	Ақпан	Сәуір	Маусым	Н.Ө. Мауберлинова
8-1	Техникалық реттеу туралы	СИМ	Сәуір	Мамыр	Маусым	Қ.Қ.Төребаев
8-2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	СИМ	Сәуір	Мамыр	Маусым	Қ.Қ.Төребаев
18	Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы	ЭМ	Қыркүйек	Қазан	Желтоқсан	Қ.Б.Рахимов
19	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭМ	Қыркүйек	Қазан	Желтоқсан	Қ.Б.Рахимов

";

Ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК